

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. Наумова, И.О Фразеологические общности русского и английского языков (в контексте языковой конвергенции): монография / И.О. Наумова; Харьк. нац. акад. гор. хоз-ва. – Х.: ХНАГХ, 2012.
3. Alphonse, M. French and English idioms and proverbs // Librairie Hachette et Cie London: 22 King William Street, Strand, W.C. // Paris: 29 Boulevard St. Germain, 1896.
4. Английская транскрипция, перевод и произношение слов - Myefe [Электронный ресурс.] <https://myefe.ru/anglijskaya-transkriptsiya.html>
5. Французско-английский словарь [Электронный ресурс] https://www.translate.eu/russian/dictionaries/French_-_english_dictionary/
6. Online Etymology Dictionary [Электронный ресурс] <https://www.etymonline.com/>
7. The Oxford English Dictionary [Электронный ресурс] <https://www.oed.com/>

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Мухтар Ақбота Сейлханқызы

akbota.29.07.2006@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Журналистика және саясаттану факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - С.Т.Бейсембаева

Қазақ тілі Мәдениетаралық қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады, өйткені ол Қазақстанның ресми тілі және Орталық Азияда кеңінен қолданылатын тілдердің бірі болып табылады. Қазақ тілін білу қазақстандықтармен байланыс орнатуға, олардың мәдениетін, дәстүрлері мен құндылықтарын түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, қазақ тілін білу іскерлік қарым-қатынасты жақсартып, ел бойынша саяхатты жеңілдетіп, түрлі ұлт өкілдері арасындағы өзара түсіністікті арттыруға септігін тигізеді.

Қазақ тілінде сөйлейтін шетел азаматтары

Қазақ тілін үйренетін шетелдіктердің мақсаттары мен уәждері әртүрлі болуы мүмкін. Олардың кейбіреулері қазақ тілін Қазақстан мәдениеті мен тарихына деген сүйіспеншіліктен, басқалары осы елде жұмыс істеу немесе оқу үшін оқиды, ал кейбіреулері жаңа тілді үйренуге қызығушылық танытады.

Қазақ тілін үйрену шетелдіктер үшін жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас жасау, жергілікті мәдениетті түсіну және қазақстандықтармен қарым-қатынасты тереңдету үшін жаңа мүмкіндіктер ашуы мүмкін. Сонымен қатар, қазақ тілін білу Қазақстанда жұмыс іздеуде немесе жергілікті компаниялармен ынтымақтастықта пайдалы болуы мүмкін.

Қазақ тілін оқытын шетелдіктер Тілдік курстар, онлайн-ресурстар, тілдік серіктестер немесе ана тілінде сөйлейтіндермен қарым-қатынас сияқты оқытудың түрлі әдістемелерін пайдалана алады. Тілді қолдану мәнісін және оның ерекшеліктерін жақсы түсіну үшін Қазақстанның мәдениеті мен күнделікті өміріне сіңу маңызды.

Әлемде қазақ тілін үйреніп, қазақ тілінде сабақ өтетін мемлекеттердің саны артқан. Ресей, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Пәкістан, Иран, Түркия тағы да басқа елдерде қазақ тілін үйреніп, еркін сөйлейтін азаматтар өсіп келеді. Иә, үлкен жетістік. Қазақстанмен ынтымақтастық орнатуда, екі елдің арасындағы достық қарым-қатынастың нығаюы мақсатында қызмет етуде тілді білудің маңызы зор екені айтпаса да анық. Қазақ тілін үйренушілердің мақсатын әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Анар Салқынбай екі топқа бөлді:

-ғылыми бағытты көздейді;

-жеке тұлғаның қызығушылығына байланысты (сол ұлттың тарихына, мәдениетіне, өмір сүру салтына қызығу т.б.)

- Шетелдік университеттерде қазақ тілін үйрену: мәдениет пен халықты түсінуге жол

Қазақстаннан тыс жерлерде танымал болып келе жатқан қазақ тілі американдық университеттердің білім беру бағдарламаларында көрініс табады. Қазақ тілін оқыту бойынша барлық бағдарламалардың ашылуы студенттердің осы мемлекеттік тілге және қазақ халқының мәдениетіне деген қызығушылығының артып келе жатқанын айғақтайды.

Қазақ тілін үйренудің ең ірі бағдарламаларының бірі Блумингтондағы Индиана мемлекеттік университетінде ұсынылады. Мұнда студенттер тілді үйренуге және оның тереңдігі мен алуан түрлілігін түсінуге мүмкіндік алады. Сондай-ақ, Назарбаев Университетінің серіктесі болып табылатын және студенттерге қазақ тілін сапалы оқытуды ұсынатын Мэдисондағы Висконсин мемлекеттік университетінде бағдарламаны атап өткен жөн. Алматының бауырлас қаласында орналасқан Туксондағы Аризона штатының университеті де артта қалмайды, сонымен қатар қазақ тілін үйрену бағдарламасын ұсынады. Тіпті беделді Йель университеті де шетте қалмайды, қазақ тілін үйрену тобы бар.

Жыл сайын осы университеттерде қазақ тілін оқыту бойынша мамандандырылған курсқа 10-нан 15-ке дейін студент жазылады. Қазақ тілін оқытқысы келетін Мұғалімдер әдетте көктемде ашылатын бағдарламаға өтініш беруі керек. Оқытушыларға қойылатын негізгі талаптар-29 жасқа дейінгі жас, қазақ және ағылшын тілдерін жақсы білу, өйткені оқыту ағылшын тілі арқылы жүзеге асырылады.

Американдық университеттерде қазақ тілін үйрену жаңа білімді игеру тәсілі ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның бай тарихы мен мәдениетіне ену мүмкіндігі болып табылады. Бұл бағдарламалар елдер арасындағы достық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді және студенттерге бірегей тіл мен халықты зерттеу арқылы дүниетанымын кеңейтуге көмектеседі.

ТМД елдерінде де қазақ тілін үйрету кеңінен дамыған. Мәселен Польшаның бірнеше университеттерінде бірнеше жыл бұрын қазақ тілін кәдімгі пән ретінде оқыту қалыптасып, бүгінде сіңісіп кеткен. Белгілі польшалық лингвист Генрик Янковский қазақтан жар алған екен. Әйелі бүгінде сол елдің университеттерінде шетел азаматтарына қазақ тілінен сабақ береді. Сонымен қатар, Анар Салқынбайдың айтуынша, Қытай елі де қазақ тілін оқытуға көңіл бөліп отырған көрінеді. ҚазҰУ-дың қолға алуымен Бейжің университетінде ірі тілдер кафедрасы ұйымдастырылды. Ондағы қазақ бөлімдерінде 20-25 студент қабылданып, олар Қазақстанның мемлекеттік тілін жетік меңгеріп келеді. Бір қызығы олардың көбі дерлік Қытай қазақтарынан гөрі хунза халықтары екен. Оның үстіне Әл-Фараби университеті мен Бейжің университетінде ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлының бастамасымен екі дипломдық бағдарлама қолға алынды. Қазірде ол университеттерге қазақ тілін үйрету үшін еліміздің университеттерінен арнайы оқытушылар жіберіледі.

«АҚШ-та қазақтар көп, бірақ қазақ мектептері жоқ» - «Болашақ» бағдарламасымен Нью-Йорктегі Колумбия университетінде магистратураны бітірген Айжан Жұматаева Нью-Йорк қаласында қазақ тілі орталығын ашты. Айжанмен қоса АҚШ-та жүрген бірнеше студент қазақ ата-аналарының көп екенін, алайда қазақ мектептерінің жоқ екенін байқайды. Тілге деген сұраныс болмағандықтан қазақ бүлдіршіндерінің өзі ана тілдерін білмеген. Сол себепті желі арқылы қазақ тілді курстың ашылатынын мәлімдеп, жұмысты бастап кетеді.

«Курсты ашарда ойымызда ақша жасау болған жоқ. Ең маңыздысы – АҚШ-та қазақ тіліне деген қызығушылықтың қандай, қаншалықты сұранысқа ие екенін білу болды. Және қазақ тіліне деген жанашырлық пен патриоттық сезім итермеледі», - деді Айжан. Алғашқы сабаққа 30 шақты ата-ана балаларын ертіп келген. Олар Қазақстаннан көшіп кеткен, сонымен қатар Қазақстаннан асыранып алынған бүгінде АҚШ азаматы болып отырған балалар келді. Америкалықтар баладан оның өткен тарихын, туып-өскен мекенін, білуі тиіс сырларын ешқашан жасырмайды, міндетті

түрде айтады. Сол себепті қазақтан туған америкалық балалардың ана тілін меңгеруі маңызды. Айжанның айтуынша, ата-ана баласы өскен соң оны туған жеріне апарып, туған өлкесімен таныстыруды көздейді. Уақыт өте келе америкалықтардың өздері қазақ тіліне қызығушылық таныта бастады. Тіпті ата-аналарының өздері үйреніп жүр. Қазақтың «Наурыз» сынды мейрамдары барысында орталықтың ата-аналары мен оқушылары қазақтың ұлттық киімдерін киіп, америкалық қоғамда қазақы орта қалыптастырады.

- **Тұңғыш қазақ-ағылшын Oxford сөздігі таныстырылды**

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы әзірлеген сөздіктің тұсаукесеріне Назарбаев Университеті (NU) президентінің міндетін атқарушы Илесанми Адесиде, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Иса Қазыбек Жарылқасынұлы, Ұлыбританияның Қазақстандағы елшісі Кэти Лич, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің президенті Рауан Кенжеханұлы қатысты. Цифрлық дәуірде тілдің болашағы қандай болады және біз тілді қалай сақтай аламыз? Қазір біздің көзқарасымыз бар. Министрліктің қабылданған Жеті жылдық тұжырымдамасы шеңберінде қазақ тілін цифрлық әлемде жүйелеу арқылы сақтау маңызды бағыттардың бірі болып табылады, өйткені бүгінде тілді сақтаудың кепілі цифрлық және виртуалды платформаларда жүйелі түрде кодификацияланған бірыңғай тілдік корпус құру болып табылады. Бұл сөздік – қазақ тілінің әлемнің 100 аса маңызды және базалық тілдерінің сөздік құрамын біріктіретін жалпы жаһандық тілдік корпусқа енуіне қосқан үлесі», - деп атап өтті Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек. Өйткені бүгінде тілдің сақталуының кепілі әлемнің цифрлық виртуалды платформаларында толығымен жүйелі түрде кодталған біртұтас тілдік корпус түрінде қамтамасыз етілген. Әлемге әйгілі Оксфорд университетінің баспасынан ресми рұқсат алынып, Oxford English Dictionary әдістемесі мен технологиясына сәйкес әзірленген сөздікті басып шығаруда 50-ден астам тәжірибелі лингвист – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары төрт жыл үздіксіз еңбек етті. Сөздік құрастыру аясында қазақ және ағылшын тілі лексикасындағы өзгерістер, әсіресе, қазіргі мәдениет, ақпараттық технологиялар, медицина, экономика, қаржы мен сауда саласындағы жаңалықтар ескерілді. Сондай-ақ, сөздікте ағылшын және қазақ тілдерінің грамматикасы мен дыбыстау, емле ережелері түсіндірілетін қысқаша нұсқаулықтар, қазақ тіліндегі іскерлік және электронды хат-хабар жазу үлгілері берілді. Жалпы көлемі 1300 беттік тұңғыш қазақша-ағылшынша және ағылшынша-қазақша Oxford сөздігі 60 мың сөзден тұрады. Сөздік 10 000 дана таралыммен басылды. «Оксфорд университетінің баспасы өздерін дүниежүзіндегі ең сенімді сөздік құрастырушы баспа ретінде таныстырады. Олар өздеріне және әріптестерінің жұмысына жоғары талап қояды. Сондықтан бізге өте ауқымды деңгейде жұмыс жүргізу қажет болды. Сөздікті толықтай құрастырған соң оны сараптамаға жібердік. Oxford University Press баспасы екітілді Oxford Qazaq Dictionary сөздігін шығаруға ресми рұқсатын берді. Сөздікті әзірлеуде дүние жүзіне танымал Oxford English Dictionary сөздігін құрастыру әдістемесі мен технологиясы негізге алдық», - деді «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігінің президенті Рауан Кенжеханұлы. Сөздіктің 50 данасы NU-дың кітапханасына берілді. Тұсаукесер аясында бірқатар білім, ғылым және мәдениет қызметкерлері қазақ тілін дамыту мен насихаттауға қосқан үлесі үшін ведомстволық награда – «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен марапатталды.

- **Түріктер үшін қазақ тілі шетел тілі емес**

Бүгінде қазақ тілін үйрену әсіресе түркі тектес мемлекеттерде: Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркияда тағы да басқа мемлекеттерде едәуір дамыған. Әсіресе Түркияда ептеп қолға алынған екен. Ондағы ерекшелік – қазақ тілі ғылыми деңгейде оқытылады. Яғни, қазақ тілімен қатар бірнеше түркі тілдері бірдей қамтылады. Мақсаты – тілдерді салыстыру, зерттеу. Алайда өзге тілдерден гөрі қазақ тілін оқытудың жетістіктері зор. Белгілі түрколог ғалым Ораз Сапашев қазіргі таңда Ыстамбұл қаласында қазақ тілінен сабақ үйретеді. «Бұл процесс түркітануға аса

кажет», - дейді ғалым. Түркиядағы Ыстамбұл университетінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлының бастамасымен «Әл-Фараби» зерттеу орталығы ашылды. Орталықтың басты мақсаты – түркітану саласына ірі-ірі ғалымдарды дайындау. Ораз Сапашев 2017 жылдан бері Ыстамбұлдағы «Әл-Фараби» зерттеу орталығында да сабақ береді. Бұдан бұрын 2010-2012 жылдары АҚШ-та, 2015-2016жыладрь Анкарада қазақ тілін үйреткен. Түрколог ғалымның айтуынша, Түркияда қазақ тілін көбіне түркітанушы мамандар оқиды. Тек қазақ тілін үйретуде аздап қиындықтар кездеседі екен. Мәселен, біз кириллицамен жазамыз, ал онда латынша. Сонымен қатар, қыпшақ грамматикасы мен фонологиясы біршама өзгеше. Сөздік қорымыз бен терминдік кешеніміз де ерекшеленіп тұрады.

2025 жылы Қазақстан Республикасы толық латын әліпбиіне көшетінін ескерсек, бұл олқылықтарды да жеңудің бірден бір жолы табылар еді. Алайда қазақ тілін үйретуде тиімді тұстары да бар. Біріншіден, түріктер үшін қазақ тілі шетел тілі емес. Екі тілге де сөз және сөздік жүйе ортақ, тілдік таным бірдей. Сол себепті шетел тіліне қарағанда түріктер қазақ тілін жылдам үйренеді екен. Қазақ тілі Қазақстанда және Орталық Азияның басқа елдерінде адамдардың өмірінде үлкен рөл атқарады. Ол Қазақстанның ресми тілі болып табылады, бұл оны Үкіметпен қарым-қатынас жасау, азаматтық алу және жұмыс істеу үшін қажет етеді. Сонымен қатар, қазақ тілін үйрену қазақ халқының мәдени мұрасы мен дәстүрлерін сақтауға көмектеседі.

Қазақ тілін білу халықаралық қатынастарды, әсіресе дипломатия мен экономикалық ынтымақтастықты жақсарту үшін де пайдалы болуы мүмкін. Қазақ тілінде білім беру білім беру ресурстары мен ғылыми ақпаратқа қолжетімділікті ашады. Бизнес және туризм саласында қазақ тілін білу жергілікті мәдениетті жақсы түсінуге және іскерлік қатынастарды нығайтуға көмектеседі.

Сонымен, қазақ тілін үйренудің Қазақстанда және Орталық Азияның басқа елдерінде өмір сүру мен жұмыс істеу үшін көптеген артықшылықтары бар, бұл мәдени мұраны сақтауға және қызметтің әртүрлі салаларында коммуникацияны жақсартуға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «АҚШ-та қазақтар көп, бірақ қазақ мектептері жоқ»; «Түріктер үшін қазақ тілі шетел тілі емес» - <https://qamshy.kz/article/40128-qazaq-tilininh-shet-eldegi-rol-i-qazaq-tilin-menhgergen-sheteldikter-syryn-ashty#>
2. Шетелдік университеттерде қазақ тілін үйрену: мәдениет пен халықты түсінуге жол - <https://www.qazaq-found.kz/rus/?p=1957> ; <https://qamshy.kz/article/40128-qazaq-tilininh-shet-eldegi-rol-i-qazaq-tilin-menhgergen-sheteldikter-syryn-ashty#>
3. Тұңғыш қазақ-ағылшын Oxford сөздігі таныстырылды - https://el.kz/tungysh-qazaq-agylshyn-oxford-sozdigi-tanystyryldy_100982/

UDC 502/504

ENVIRONMENTAL SAFETY IN KAZAKHSTAN: ANALYSIS OF STATISTICS AND WAYS OF IMPROVEMENT

Maubybay Karima¹, Buribayeva Zhanar²,

¹karimamaubybay@gmail.com, ²zhanar.buribaeva@mail.ru

¹L.N. Gumilyov Eurasian national university, ²Academy of Public Administration

Under the President of the Republic of Kazakhstan

Astana, Kazakhstan

Supervisor - R.E. Kussainova

Kazakhstan, the ninth largest country in the world, can be proud of a rich tapestry of land-scape,